

Кусайнова Маржангуль Амантаевнаның

8D01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеудің өзектілігі. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, ұлттық кодты сақтау қажеттілігінің туындауымен байланысты қазақ халқының мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерделеу, Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметіндегі басым бағыттардың бірі болып табылады. Жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау қажеттілігі мемлекеттің стратегиялық дамуының маңызды жақтарының бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 12 қазанда ұлттық жобаларды бекітті. Олардың бірі – баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін анықтауға және дамытуға бағытталған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Осы жобамен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысымен «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (бұдан әрі – ұлттық жоба) бекітілді. Ұлттық жобаның мақсаты: ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау және мәдени өнімдерді ынталандыру, олардың сапасы мен әр алуандығын арттыру арқылы әрбір қазақстандықтың көркемдік-шығармашылық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы негізінде білім беру ұйымдарында ұмытылған дәстүрлерді жаңғыртуға, толеранттылық пен жаһандық ойлауды дамытуға, сондай-ақ Қазақстан тарихымен, қазақ халқының мәдениетімен гуманистік және тәрбиелік құндылық тұрғысынан танысуға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылуда.

Өскелең ұрпақтың білімі мәдениетке сәйкес болуы қажет, демек бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері мәселесі зерттеу қажеттілігін туындатып отыр. Бастауыш сынып жасы – тұлға дамуының маңызды кезеңі. Осы шақта бала сыртқы әсерлерге сезімтал болады, моральдық талаптарға бағына бермейді. 7 жастан бастап бала өзінің қандай ұлт өкілі екенін тани бастайды, бала санасында «ұлттық біртектілік» ұғымы қалыптасады. Сондықтан осы жаста «ұлттық біртектілік» ұғымының негізі санада қалыптаспаса, тәрбиелеудегі кемшіліктердің орнын толтыру қиынға түседі. Бастауыш сынып шақтағы білім, өлшем, тәжірибе психологиялық тұрақтылықпен сипатталады. Бұл бастауыш сынып оқушыларының білім алуындағы маңызды әрі жауапты ерекшелігі болып табылады. Осы жас аралығында бастауыш сынып оқушыларының таным белсенділігі, өзіне, өмірге сенімділігі, адамдармен

қарым-қатынас шығармашылық мүмкіндіктері, жалпы өмірлік белсенділіктері басты қасиеттер болып қалыптасады.

Осыған орай бастауыш білім беру мектептерінің алдында тұрған күрделі мақсаттардың бірі – қазақ халқының этностық ерекшеліктері, тарихы мен мәдениеті туралы білім беру, мемлекет, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға баулу, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді қастерлеуге тәрбиелеу.

Бастауыш сыныпта берген білім мен тәрбие маңызды кезең десек қателеспейміз. Бастауыш білім беру мазмұны мұғалімге бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру үшін зор мүмкіндіктер береді.

Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу – бұл ұлттық ерекшелікті сақтап, дамыта алатын қадам.

«Ұлттық біртектілік» ұғымы бастауыш сынып оқушыларының өзінің парыздық қасиетін білу мен өзін-өзі дамытуына ықпал ететін арнайы мінезді қалыптастыруға жағдай жасайды. Құндылық дегеніміз – әрбір адамға қажет, маңызды және қымбат нәрсе дейтін болсақ, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа қажет және қымбат түсініктер жүйесі, яғни тарихи қалыптасқан рухани және материалдық құндылықтар. Құндылықтар алқашқы кезеңде адам санасында орын алады, демек сезім арқылы қабылданып, сана негізінде түсініп, нәтижесінде құндылықтарды игереді. Осы кезде ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу өскелең ұрпаққа болашаққа бағдар беру педагогикалық деонтологияның талабы деп білеміз.

Деонтология ілімі парыз, міндет мәселелерімен айналысатын этиканың бір бөлігі. Әрине, егер деонтология ұғымы этика бөлігі болса, философия ілімінің бір тармағы деп түсінуге болады. Осы орайда философ Канттың көзқарасы бойынша, адам өмірінің мәні тек өзінің алдындағы ғана емес, басқа адамдардың, жалпы қоғам алдындағы парызын орындауы. «Мораль маған бір нәрсені жасауды міндеттеген кезде, ол не болса да, мен оны жасағым келсе де, келмесе де, бұл нәрсе менің қалауым мен мақсаттарымды орындасын, орындамасын, менің қоғамым қабылдасын, не қабылдамасын – осының бәріне қарамай жасауға тиіс нәрселер» дейді Кант. Бұл мәселені қарастыру үшін үздіксіз білім беру жүйесі қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары қарастырылуы қажет.

Бастауыш сынып оқушылары өз халқы мен өзінің арасында өзара байланыс орнатуда ұлттық мәдениетке тән сезімнен әсерленуді, оның ұлттық құндылықтарын саналы түрде қабылдауға көмектесу үшін салт-дәстүрлерімізді ұлттық құндылық ретінде меңгертіп, соған сәйкес іс-әрекет, мінез-құлық нормаларын талап етудің мәні зор.

Бастауыш мектептің ұлттық тәрбие жүйесінде салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың танымдық, тәрбиелік рөлі зор. Осы тұрғыда бастауыш сынып мұғалімінің назарында оқушылардың білім сапасын әлемдік деңгейге жеткізу; мейірімділік пен ізгілікке тәрбиелеу; тәлім-тәрбиесін ұлттық негізде құрып жан-жақты бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру болғаны дұрыс. Бұл азаматтық парыз – педагогикалық деонтологияның талабы.

Қарастырылып отырған мәселе отандық және шетелдік ғалымдардың психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстарында көтеріліп жүр. Ұлттық тәрбиені педагогикалық үдеріс барысында ұйымдастыру мәселесі көптеген ғалымдардың назарында.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері сақтар мен ғұндардың жауынгерлік тәрбиесінен (б.э.д VII- IV XX ғ.ғ. б.д. V ғ. дейін) бастау алған. Бұған Томирис әйел патшаның батырлығы, әдептілік, батылдық қасиеттері мысал бола алады. Ұлы түрік қағанаты кезіндегі (б.д.д. VII-II ғ.ғ.- б.д. V ғ. дейін) тәлім-тәрбие беруде ұлттық құндылықтар назарда болды, яғни Орхон ескерткіштері, көне түркі жазбалары Қорқыт атаның тәлімдік ой-пікірлерінде көрініс тапты. Сондай-ақ, араб-шығыс мәдениеті, орта ғасыр ойшылдарының тәлімгерлік ой-пікірлерінде (X-XVIII ғ.ғ. аралығы), атап айтқанда Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Өтебойдақ Тілеуқабылұлы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайри, Қожа Ахмет Яссауи, Асанқайғы сияқты аса ірі ғұлама-ғалымдардың еңбектерінің өзегі болды.

Қазақстанның Ресейге қосылу кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысы мен ағартушылық-демократиялық бағыттағы тәлім-тәрбие (XVIII ғ.-дан XX ғ.ғ. 20 ж. дейін) беру кезінде ұлттық құндылықтарды сақтау, насихаттау мәселелері халық ағартушылары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердиевтің әдеби көркем шығармаларында көрініс тапты.

Кеңестік дәуірдегі ғылыми педагогиканың қалыптасуы кезеңінде (1920-1990 жж. аралығы) аталған мәселе Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Әуезов еңбектерінде көтерілді.

Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиенің өркен жаюы кезеңінде бұл мәселе ғылыми тұрғыда негізделді.

Патриотизмге тәрбиелеу мен этнопедагогиканы тиімді қолдану мәселесі Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, М.Х. Балтабаев, И.Р. Халитова, Б.М. Бекмұхамедов, С.К. Әбілдина, Р.М. Айтжанова, Г.Б. Бейсенбекова, Э.А. Урунбасарова, Ж.И. Сардарова, Т.С. Сабыров, Т.И. Қоқымбаева, М. Оразаев, М. Смайылова, Г.М. Коджаспирова, Г.А. Караханова, Е.Н. Жуманкулова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Қазақстанда ұлттық тәрбие және психология мәселесі бойынша тарихи-әдістемелік, ғылыми-теориялық арнайы зерттеулер жүргізген ғалымдар Б.А. Әмірова, М.Қ. Құрсабаев, Б.Б. Баймұратова, С.Ғ. Бәтібаева, Ф.Н. Жұмабекова, С.Н. Жиенбаева, Т. Иманбеков, А.Е. Манкеш, А.К. Меңжанова, М.С. Сәтімбекова, М.Т. Тұрыскелдина болды.

Қазақстанда алғашқы кәсіби педагогикалық деонтологияны алғашқы болып зерттеген педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.М. Кертаева. Ол өзінің зерттеулерінде: «Педагогтың деонтологиялық даярлығы - бұл мұғалімнің сана-сезімінің, оның білімінің, іскерлігінің, дағдыларының кәсіби борыш талаптарына сәйкес білім беру, тәрбие қызметін орындауға дайындығының жай-күйі. Бұл оның даму деңгейін көрсететін жалпы дайындығының ажырамас бөлігі кәсіптік сана, кәсіптік санада тиісті

сана қызметі» деп көрсетеді [6]. Педагогикалық деонтология мәселелерін жан-жақты қарастырып, педагогикалық деонтологияны ғылым ретінде негіздеді [7].

Болашақ педагогтардың ұлттық тәлім-тәрбие беруге деонтологиялық даярлығын Д.Д. Есимова, А.Ш. Маманова, Е.Н. Жуманкулова, А.Е. Кудерина, Б.Д. Каирбековалар қарастырды.

Зерттеу тақырыбы саласындағы ғылыми еңбектерді, бастауыш сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктерімен ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде теория мен тәжірибе жағдайын талдау бізге келесідей педагогикалық қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді:

– бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің қажеттілігі мен оның теориялық тұрғыда зерттелмеуі;

– ұлттық құндылықтар мүмкіндіктерінің жоғары екендігі мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін тәжірибеде жеткіліксіз ескерілетіндігі;

– бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды пайдалану қажеттілігі мен оқу-әдістемелік жағынан жеткілікті түрде ескерілмеуі, кешенді бағдарламаның жетіспеушілігі, оны жүзеге асыруда тиімді әдіс-тәсілдерінің толық зерттелмеуі.

Осы қарама-қайшылықтарды жою қажеттілігі, мәселенің теориялық тұрғыдан тұжырымдық және практикалық маңыздылығына көз жеткізу үшін диссертациялық зерттеудің тақырыбын: «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» деп алдық.

Зерттеу нысаны: бастауыш сынып оқушыларын оқыту-тәрбиелеу үдерісі.

Зерттеу пәні: бастауыш сынып оқушыларында ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері.

Зерттеу мақсаты: бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерін теориялық негіздеу, моделін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибеде тексеру.

Зерттеу болжамы: егер бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері зерттелсе, оның моделі және жүзеге асырудың оқу-тәрбие әдістемелік кешені жасалып, тиімділігі тәжірибеде тексерілсе, онда бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтар туралы білімі артады, өйткені бастауыш сынып оқушыларының ұлттық сана-сезімі ұлттық құндылықтар арқылы жетіліп, ұлттық құндылықтарды сақтауды парыз деп тануға құштарлығы арттырады.

Зерттеу міндеттері:

– Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтология негіздерін ғылыми-теориялық тұрғыда айқындау;

– Ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастардың ғылыми-теориялық алғышарттарын анықтау;

– Ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделін жасап, оның құрылымдық өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау;

– Ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің жолдары мен амалдарын анықтап, тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: деонтология бастауыш сынып оқушыларының ұлттық санасын, мәдениетін дамытатын тәрбие негізі.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін мәдениеттану, педагогика және психология саласы бойынша қарастырылған таным теориясына қатысты ғалымдар тұжырымдары, гуманистік ілімдер, этномәдениет, этнопедагогика және этнопсихология саласындағы жетекші зерттеулер мен қағидалар, Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелеріндегі тәрбие берудің кешенді бағдарламалары; білім беруді дамыту, ұлттық мектепте гуманитарлық, этномәдени білім мен тәрбие беру әдептілік, көркемдік-эстетикалық және экологиялық тәрбие беру жүйесіндегі мемлекеттік тұжырымдамалар; әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық теориялар; жеке тұлға және оны дамытудағы қарым-қатынас, психолог, социолог ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Зерттеу әдістері: ғылыми таным теориясының теориялық, эмпирикалық әдістері; психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу және талдау; арнайы дереккөздерді талдау және қорыту, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, жобалау әдісін пайдалану бойынша бастауыш сыныптардың күнтізбелік оқу жоспарларын зерделеу; сауалнама жүргізу; салыстырмалы талдау жасау; алынған мәліметтерді жүйелеу және жалпылау, математикалық статистикалық өңдеу әдісі (сандық талдау Пирсонның критерийлері); Г.А. Урунтаева және Ю.А. Афонькинаның «Балалардың әдептілік нормаларын түсінуін зерттеу» диагностикалық әдістемесі және Ивановтың проективті әдістемесі.

Зерттеу базасы ретінде эксперименттік жұмыс М. Жұмабаев атындағы мектеп-гимназияда және Қарағанды қаласының №95 мектеп-гимназиясында жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында жүргізілді. Экспериментке 238 оқушы қатысты, оның 120 оқушысы – эксперимент тобында, 118 оқушысы – бақылау тобында болды.

Зерттеу кезеңдері.

Бірінші кезеңде (2018-2019 жж.) зерттеу тақырыбы таңдалып, ғылыми аппараты анықталды. Зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, сұрыпталды. Ғылыми мақалалар мен оқу құралы жарық көрді.

Екінші кезеңде (2019-2020 жж.) бастауыш мектеп оқушыларының ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің педагогикалық мәні мен мазмұны, негізгі қағидаларына талдау жасалып ғылыми тұрғыдан негізделді.

Осының негізінде іс-шаралар жүйесі әзірленді және қабылданды, бастауыш мектеп оқушыларының ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің

әдіс-тәсілдері мен тәрбиелік деңгейлері эксперименталды жұмысқа дейінгі және одан кейінгі салыстырмалы тадауы жасалынды.

Үшінші кезеңде (2020-2023 жж.) зерттеу нәтижелері талданды, эксперименталды жұмыстың қорытындылары нақтыланды, теориялық қорытындылар тұжырымдалды, диссертация рәсімделді. Яғни ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделі жасалды, ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің жолдары мен амалдары анықталып, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексерілді.

Зерттеудің теориялық мәні және ғылыми жаңалығы:

– Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологияның мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыда негізделді;

– Ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастардың ғылыми-теориялық алғышарттары анықталды;

– Ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделі жасалды, оның құрылымдық өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды;

– Ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздерінің жолдары мен амалдары анықталып, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу барысында алынған теориялық ережелер мен материалдар:

– Оқушылардың бойында ұлттық сана-сезімді, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, сондай-ақ тұлғаның рухани мәдениетін тәрбиелеу және дүниетанымдық ұстанымның еркін қалыптастыру мақсатында М. Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш білім беру оқу жоспарына «Ұлттық қазына» вариативтік курс бағдарламасы енгізілді.

– Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы деонтологиялық тәрбиелеуге бағытталған дидактикалық материалдар мен жұмыс дәптерлері әзірленді, олар ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуде жаңа ақпарат көзі болып табылады, теориялық білімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, балалардың дағдылары мен қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

– «Ұлттық қазына» электронды оқулығы, сондай-ақ балаларды халық мәдениетімен таныстыруға ықпал ететін бастауыш сынып оқушыларына арналған мобильді қосымша әзірленді. М. Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясында тәжірибеге енгізілді (авторлық құқықпен қорғалған объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік);

– бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Ұлттық қазына» қосымша оқу-әдістемелік құралы тәжірибеде пайдалануға ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтология мүмкіндіктерінің ғылыми-теориялық негіздемесі.

2. Ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастардың ғылыми-теориялық алғышарттары.

3. Ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделі, оның құрылымдық өлшемдері мен көрсеткіштері.

4. Ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып, бастауыш сынып оқушыларын деонтологиялық тәрбиелеу әдістемесі және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері.

Диссертацияның құрылымы: диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық және теориялық негіздері, әдістері, кезеңдері, теориялық мәні және ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары баяндалады.

«Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологияның ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде ұлттық педагогика тарихындағы деонтологиялық көзқарастың алғышарттарына сараптама жасалып, бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологиялық даярлықтың мәні ашылды. Ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері моделі жасалды.

«Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің деонтологиялық әдістемесі» атты екінші бөлімінде бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық мазмұны жасалды, бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық моделінің жүзеге асу тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексерістен өткізілді.

Қорытындыда жүргізілген зерттеудің әр бөлімі бойынша теориялық және практикалық нәтижелері қорытылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың көрінісі орын тапты. Қосымшаларда зерттеудің практикалық материалдары ұсынылды.